

## ШЕТЕЛДІК ІССАПАРЛАРҒА ВАЛЮТА ҚАРЖЫСЫНЫҢ ЖҰМСАЛУЫН РЕТКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы. 29 қазан 1993 ж. N 1080 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.11. N 148 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті "Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуды бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 20 шілдедегі N 630 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ  
Е Т Е Д І :

1. Мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың лауазымды адамдарын шет елге іссапарға жіберу үшін орталықтандырылған мемлекеттік көздерден валюта қаржысын бөлу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдері негізінде жүргізілетін болсын.

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, сондай-ақ оларға еріп жүретін адамдар (Президенттің, Вице-Президенттің, Жоғарғы Кеңес Төрағасының, Премьер-министрдің зайыптары), Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарлары мен Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасарлары, Президент Аппаратының Басшысы, Министрлер Кабинетінің Іс Басқарушысы, күзет қызметінің бастығы, күзет қызметі бастығының орынбасары немесе бекітілген күзет комиссарлары шет елге шыққан кезде көлік шығыны 1-сынып бойынша авиабилет құны мөлшерінде шет ел валютасымен өтеледі.

Қазақстан Республикасының Конституциялық сот төрағасы, Жоғарғы сот төрағасы, Төрелік сот төрағасы, Президент жанындағы Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы, Президент жанындағы бақылау инспекциясының Басшысы, Жоғарғы Кеңес Бақылау палатасының төрағасы, Бас прокурор, Үкімет мүшелері мен оларға теңестірілген адамдар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президенті Аппараты Басшысының орынбасарлары, Министрлер Кабинеті Іс Басқарушысының орынбасарлары, Президент Аппаратының және Министрлер кабинеті Іс Басқармасының бөлім меңгерушілері, Жоғарғы Кеңес комитеттерінің төрағалары шет елге шыққан кезде көлік шығыны "Бизнес" сыныбы бойынша авиабилет құнының мөлшерінде шет ел валютасымен өтеледі.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының басқа қызметкерлері, мемлекеттік холдинг және акционерлік компанияларының басшылары мен қызметкерлері шетелге шыққан кезде осы шығындар "Экономикалық" сыныбы бойынша авиабилет құны мөлшерінде шет ел валютасымен өтеледі.

Жергілікті өкімет органдарының валюта қорлары есебінен шет елге іссапарға жіберу тиісті облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің шешімдері бойынша жүзеге асырылсын.

*Ескерту. 1-тармақ 2,3,4 абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1994.09.01. N 981 қаулысымен.*

2. Іссапарға жіберуші ұйымдардың басшылары алынған валюта қаржысының пайдаланылуы жөніндегі аванстық есептердің тиісті қаржы органдарына іссапардан қайтып келгеннен соң бір апталық мерзімде берілуін қамтамасыз ететін болсын.

Есеп айырысу бойынша белгіленген валюта қаражатының жетіспеуінен келген зиян есеп берілген күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен өтеледі.

*Ескерту. 1 абзацта сөздер ауыстырылды, 2 абзац жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994.09.01. N 981 қаулысымен.*

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар үшін шетелдік іссапарларға жұмсалатын қаражат көлемі олардың қарамағында қалатын валюта түсімінің 5 процентіне дейінгі мөлшерде белгіленсін.

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996. 04.19. N 479 қаулысымен.*

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: валюта түсімі бар мемлекеттік ұйымдар, мекемелер және кәсіпорындардың шетелдік іссапарларға валюта қаржысын жұмсау тәртібі туралы Ережені; шет елде қысқа мерзімді іссапарда жүрген қызметкерлердің шетел валютасымен жұмсалған шығындарын өтеу нормаларын әзірлеп, бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бұдан былай елшілердің лауазымдық жалақыларының белгіленуіне және өзгеруіне байланысты бекітілген нормаларға және тұрғын жайды жалдаудың тәуліктік шығындарын өтеудің шектеулі нормасына өзгерістер енгізу құқы берілсін.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуды бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 20 шілдедегі N 630 қаулысының 6-тармағының екінші және үшінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК